

НТПро сауда-саттық режиміне қосылу туралы

ЖАДЫНАМА

Бастапқы кезеңде қызмет Биржа мүшелеріне көрсетіледі.

1. Клирингілік қатысушы – Биржа мүшесі "KASE Клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 5 маусымдағы № 7 отырыс хаттамасы) бекітілген Клирингілік қатысушылар туралы қағиданың (бұдан әрі – Қағида) 1-қосымшасында белгіленген талаптарды сақтауға тиіс.
2. Клирингілік қатысушы – Биржа мүшесі Клиринг орталығына Қағиданың 3-қосымшасындағы нысан бойынша сауда-саттық ортасы нарығына клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтінішті, сондай-ақ Қағиданың 6-қосымшасындағы нысан бойынша клирингілік қатысушының санатын беру/өзгерту туралы өтінішті, сондай-ақ Регламенттің 6-қосымшасында тізімі белгіленген құжаттарды (қажет болған жағдайда) жаңартуға тиіс.
3. Сауда-саттық ортасы нарығына клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтініш құжаттардың толық (қажетті) пакеті ұсынылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.
4. Сауда-саттық ортасы нарығына клирингілік қатысушы мәртебесін алғаннан кейін Биржа мүшесі "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылғы 17 наурыздағы № 8 отырыстың хаттамасы) бекітілген Биржаның сауда-саттық жүйелеріне кіру құқығын беру ережелерінің 9-қосымшасындағы нысан бойынша НТПро сауда-саттық режиміне кіруге есептік жазба және пароль беруге өтініш беруі керек.
5. Логин мен бастапқы пароль Биржа дұрыс өтінімді алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде беріледі.
6. Клирингіге қатысушы логинді алғаннан кейін, алынған логинді НТПро IP мекенжайларына (IP мекенжайларын NTProv техникалық қолдау қызметінен алуға болады) байланыстыруды сұрап, support@kase.kz электронды поштасына Биржаның техникалық қолдау қызметіне өтінім жіберуі керек.